

ӘОЖ 37.014.3

**ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Ешенгазина Айғаным Сериккалиевна

eshengazina_a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш.Байжуманова

Тұлға бағыттылығы негізінен нақты анықтамасы жоқ психологиялық феномен болып табылады. Н.С.Пряжников бағыттылықты «мотивтер иерархиясынан құрылған нәтиже, бұл

тұрақты мотивтердің бір-біріне үстемдік етуінен көрінеді [1], С.Л. Рубинштейн «динамикалық тенденция», Б.Г. Ананьев «негізгі өмірлік бағыттылық», В.Н. Мясищев «доминантты қатынастар» жүйесі деп сипаттайды, ал Б.Ф. Ломов «тұлғаның жүйе құраушы қасиеті».

С.Л. Рубинштейн бойынша, тұлғаның бағыттылығы динамикалық тенденцияларды білдіреді, мұнда мінез-құлық мотиві ретінде адамның іс-әрекеті анықталады. Тұлға бағыттылығының құраушыларына оның пәндік мазмұнын сипаттайтын *мағыналық компонент* және *динамикалық компонент* (бағыттылықтың қайнар көзіне байланысты туындайтын қысым) жатады [2]. «Динамикалық тенденциялар» тұлға өмірінде қажеттіліктер, бағдарлар, қызығушылықтар мен идеалдар арқылы көрінеді. С.Л. Рубинштейн бағыттылықты тұлғаның негізгі қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділіктері мен ұмытылысының сипаттамасы ретінде қарастырған.

Осы жоғарыда көрсетілген анықтамаларға байланысты бағыттылықты тұлғаның тұрақты интегративті, әлеуметтік шартталған қасиеті ретінде қарастыруға болады.

Бағыттылық мәселесі психологияда тұлға қалыптасуында маңызды болып табылады. Тұлға бағыттылығы мәселесін зерттеуде Л.И. Божович өзінің әріптестері – М.С. Неймарк, В.Э. Чудновский және Т.Е. Конникова және т.б. өз үлестерін қосты, мұнда тұлға бағыттылығы тұлғаның басым келетін мотивтерінің иерархиялық құрылым түрінде қарастырылды.

Л.И. Божович дамушы тұлғаның мотивациялық сферасын зерттеу арқылы, бағыттылықтың негізі ретінде мотивтер сферасының иерархиялық құраушыларын анықтады. Бағыттылықтың 3 түрі анықталды: ұжымдық, іскерлік және жеке.

Осылайша, тұлғаның бағыттылығы тұрақты доминантты мотивтердің жүйесі ретінде, стратегиялық және тактикалық мақсаттарын анықтайды және адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне детерминация жасайды, оның белсенділігін бағдарлайды [3].

Бағыттылықтың спецификасы тұлғаның мотивтері мен қажеттіліктерінен туындаған белгілі объектіге бағытталған іс-әрекеттері мен іс-қимылдары әлеуметтік белсенділігінен көрінеді. Бағыттылықтың рөлі мен маңызы тұлғаның әлеуметтік сипаттамасын анықтайды және тұлғалық, кәсіби дамуының факторы болып табылады.

Тұлға бағыттылығының функциясы: әлеуметтік орта мен қоршаған ортасынан маңызды құбылыстарды (явления) іріктеу; өмірлік жоспарларын тексеру мен приоритеттерін анықтау; алға қойылған мақсаттарға жету жолын таңдау; өмір стилін анықтау; мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін реттеу.

Бағыттылық қасиеттері: аналитикалық; белсенділік; динамикалық; рефлексивтілік.

К.К. Платонов бағыттылықты психологиялық феномен ретінде қарастырып келесідей құрылымдарын анықтады: жалпы бағыттылық, кәсіби бағыттылық, атеисттік бағыттылық, еңбекке, өзіне, басқа адамдарға деген қатынасы.

Психолого-педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, бағыттылық психологиялық феномен ретінде белгілі құрылымнан тұрады. Оның компоненттері бағыттылықтың функционалдылығы мен көрінулерінің негізгі аспектісін анықтап көрсетеді. Негізгі құрылымдық элементтеріне келесілер жатады:

1. Көрінуі бойынша: когнитивті, эмоционалды және мінез-құлықтық.

2. Мазмұны бойынша: қажеттіліктер, мотивтер, кәсіби позициясы, әлеуметтік-кәсіби дәреже, құндылықтық-мағыналық бағдарлары [4].

Құндылықты зерттеу мәселесі философияға, әлеуметтану мен психологияға және педагогикаға қатысты болып келеді.

Құндылықтар 3 негізгі мағынада қарастырылады:

- Қоғамдық идеалдар ретінде;
- Материалды және рухани категория ретінде;
- Әлеуметтік құбылыс ретінде.

Бағыттылық тұлғаның психологиялық құрылымының маңызды құраушысы ретінде анализ барысында келесідей сипатталады: субъектке маңызды шынайылық сферасы ретінде;

индивид қажеттіліктерінің қалыптасуына ықпал етеді; тұлғаның психологиялық құрылымының басқа да мазмұнды, маңызды компоненттерін анықтайды; оның даму деңгейі мен іс-әрекетін және мінез-құлқын анықтайды.

Құндылықтардың қалыптасуы, ең алдымен, тұлғаның функциялану деңгейінде пайда болуы керек процесс болғандықтан, зерттеушілер құндылықтардың келесідей деңгейлерін анықтады:

- Интеллектуалды (зияткерлік) – когнитивті құраушы болып табылады, мінез-құлық пен іс-әрекетті жеке және қоғамдық нормаларға сәйкес анықтайды;
- Мінез-құлықтық – алдын-ала жазылған паттерндерді көрсетеді;
- Эмоционалды-мотивациялық – эмоционалды, бағалаушы және мотивациялық көрінулері арқылы сипатталады.

Құндылықтардың классификациялары (жіктемелері) әр түрлі негіздемелер бойынша жүзеге асырылады: субъектілердің қажеттіліктерін қанағаттандыруы бойынша (қоғамдық, топтық, жеке); мазмұны мен құндылықтардың бағыттылығы бойынша (кәсіби, корпоративті, саяси, экономикалық, педагогикалық, білім беру); қоғамдық өмірдің формасы бойынша (мәдени, әлеуметтік, өмірлік құндылықтар).

Н.С. Розов құндылықтар құрылымында келесідей құраушыларды анықтады: құндылықтар; идеалдар; мінез-құлық принциптері; сана принциптері; нақты құндылықтар [5].

Қорытындылай келе, құндылықтар келесідей критерийлер арқылы қарастырылады деп атасақ болады:

- Адамның өз мінез-құлқы мен іс-әрекетінің таңдауы;
- Өзін, қоғамды, топтар мен қоршаған ортаға маңызды заттарды бағалауы;
- Тұлғаның әр түрлі факторлардың әсерінен өзгерк көрсеткіші ретінде.
- Құндылықтар индивидуалды деңгейде құндылықтық бағдарлар ретінде көрінеді.

Д.А.Леонтьев бойынша «құндылықтық бағдарлар – бұл субъектінің өзінің құндылықтары мен өзіне құнды деп саналатын заттар туралы ойы» [6].

Құндылықтық бағдарлар мақсатты, іс-әрекеттер бағдарламасын, шешім қабылдау мен қоршаған ортаны бағалауды анықтайды

Тұлғаның бағыттылығы – оның өмірге және іс-әрекетке деген мотивациясы көрінетін жеке тұлғаның жетекші психологиялық қасиеті.

Бағыттылық әр түрлі формада жүзеге асады – құндылықтық бағдарларда, бейімділіктерде, симпатия мен антипатияда және адам өмірінің әр түрлі сферасында туындайды: кәсіби, отбасылық, саяси және т.б. Бағыттылықта ғана адам әрекетінің мақсаты, мотиві және шынайылықтың әр түрлі жағдайларына деген субъективті қатынасы, яғни, барлық сипаттамалар жүйесі анықталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Пряжников Н.С. Профессиональные и личностное самоопределение. – М.: Издательство «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «МОДЭК», 2016. – 256 с.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 2014. – С. 623.
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте [Текст]/ Л.И.Божович. – М.: Просвещение, 2018.
4. Структура личности в отечественной психологии. Часть 1 [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: http://becmology.ru/blog/psychology/person_rus01.htm#m7
5. Слостенин В.А., Чижаков Г.И. Введение в педагогическую аксиологию. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 192с. (с.46).
6. Леонтьев Д.А. Ценностные представления в индивидуальном и групповом сознании [электронный ресурс] – Режим доступа. URL: http://old.portalopen.ru/to_texts/id_121/